

Бекітемін:

ЖШС «Ақнұр» бб

меңгерушісі:

К.Рысбаева



*ЖШС «Ақнұр» бөбекжай бақшасының
2025-2026 оқу жылына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы
негізінде тәрбие мен оқыту жұмысының жоспары*



М.Горький ауылы, 2025-2026 оқу жылы

I БӨЛІМ

Өткен жылғы жұмысты талдау.

1.1 2024-2025 жылдарға арналған жылдық жұмыс жоспарының орындалуын талдау.

1.2 Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті- құқықтық актілердің тізбесі

1.3 2025-2026 жылдарға арналған ЖШС «Ақнұр " бөбекжай бақшасының жұмысының мақсаттары мен міндеттері.

II БӨЛІМ

Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогтердің қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары бойынша перспективалық жоспар

2.2. Кәсіби шеберлікті арттыру және қызметті бағалау

2.3. Педагогикалық кадрларды аттестаттау

2.4. Жас және жаңа мамандармен жұмысты ұйымдастыру

2.5. Педагогдердің шығармашылық жұмыстарын жоспарлау

2.6. Мектепке дейінгі ұйымдағы медицина қызметкерінің сауықтыру жұмысының жүйесі мен мазмұны

2.7. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

III БӨЛІМ

Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс.

3.1. Педагогикалық кеңестер.

3.2. Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің жанындағы мәжіліс жоспары

3.3. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

3.4. Мектепке дейінгі ұйымдағы 2025-2026 оқу жылына арналған ашық оқу іс-әрекеттер жоспары

3.5. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

3.7 Байқаулар, мерекелік іс шаралар, көрмелер жоспары

3.8. Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің 2025–2026 оқу жылы жұмыс жоспары

IV БӨЛІМ

Ішкі бақылау жүйесі.

- 4.1. 2025–2026 оқу жылының тәрбиешілер мен мамандардың құжаттарын тексерудің жоспар–кестесі
- 4.2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы білім беру қызметін және жылдық жоспардың орындалуын бақылау жүйесінің жоспары
- 4.3. Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру жоспары
- 4.4. Еңбек ұжымының жалпы жиналысы жоспары
- 4.5. Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесі жоспары
- 4.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспары (Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша)

V БӨЛІМ

Отбасымен, мектеппен және басқа ұйымдармен жұмыстағы өзара іс- қимыл жоспары

- 5.1 Ата-аналардың жалпы жиналысы
- 5.2. Топтардағы ата-аналар жиналысы
- 5.3. Мектепке дейінгі ұйымдағы ашық есік күндері жұмыс жоспары
- 5.4. 2025–2026 оқу жылының мектепке дейінгі ұйым жанындағы консультациялық пункттің жұмыс жоспары
- 5.5. 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен мектептің сабақтастық жоспары.

VI БӨЛІМ

Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

- 6.1. 2025–2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның әкімшілік-шаруашылық жұмыс жоспары

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген); 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына³ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Тіл дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздері»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған әлеммен таныстыру»), шығармашылық («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына⁶ сәйкес мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - Үлгілік бағдарлама) сәйкес іске асырылады.

ЖШС «Ақнұр» бөбекжай балабақшасы Түркістан облысы, Келес ауданы , М.Горький ауылы, Әдіелт №31 үйде орналасқан.

Телефон:

Электрондық почта:

Күн тәртібі: аптасына 5 күн жұмыс жасайды, сағат 8:00-18:30-ге дейін

ЖШС «Ақнұр» бөбекжай бақшасында 75 бала, 3 топ жұмыс жасайды. Оқыту тілі қазақ, орыс тілінде жүргізіледі.

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) – 2 топ

Ересектер тобы (4 жастан бастап) - 1 топ

1.1 2024-2025 жылдарға арналған жылдық жұмыс жоспарының орындалуын талдау.

ЖШС «Ақнұр» бөбекжай-бақшасы 2024-2025 оқу жылында тәрбие мен оқыту жұмысын ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бағыттарына сәйкес жүзеге асырды. Бағдарлама негізінде балалардың жан-жақты дамуына, адамгершілік құндылықтарын бойына сіңіруге, ата-аналармен ынтымақтастық орнатуға ерекше көңіл бөлінді.

1. Мақсаттардың орындалуына талдау

Жоспарланған мақсаттар:

- Балалардың бойына адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік сияқты құндылықтарды дарыту;
- Жас ерекшелігіне сай жан-жақты дамуын қамтамасыз ету;
- Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Орындалуы:

- Балалардың адамгершілік-этикалық түсініктері кеңейді, күнделікті ойын және оқу іс-әрекетінде адалдық пен әділдікке үйренді; Таңертең ҚР Әнұраны айтылып, Бір тұтас тәрбие бағдарламасы бойынша «Күй күмбірі» «Өнегелі 15 минут» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» өтіліп тұрды. Әр топтарда жас ереселектерне ескеріліп, таңғы жаттығуды ұзақтың күйлері арқылы жасалынып тұрды.
- Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, тәрбиелік іс-шаралар өткізілді («Білім күні», «Алтын күз») «Күзгі жәрмеңке», «Еңбек күні», «16 желтоқсан тәуелсіздік күні», «Қош келдің жаңа жыл», «1 наурыз алғыс айту күні», «8 Наурыз Аналар күні», «22 Наурыз Ұлыстың Ұлы күні», "9 мамыр Жеңіс күні» «Қош бол балабақша»)
- Балалар мектепке дейінгі даярлық деңгейінде оқу дағдыларын меңгеріп, шығармашылық қабілеттерін көрсетті;
- Ата-аналар белсенді қатысқан жобалық жұмыстар («Адал еңбек – жарқын болашақ») ұйымдастырылды жалпы қыркүйек және мамыр айларында ата-аналар жиналысы өтілді. Топтарда жоспарға сай ата-аналар жиналысы өтіліп, хаттамалары түзілді.

2. Міндеттердің орындалуына талдау

Жоспарланған міндеттер:

1. Адамгершілік құндылықтарды ертегі, әңгіме, ойындар арқылы түсіндіру.
2. Еңбекке баулу және қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.
3. Танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
4. Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді таныту.
5. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту.
6. Әдістемелік қолдауды жетілдіру, педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру.

Орындалуы:

- Әр топта рөлдік ойындар, тәжірибелік тапсырмалар арқылы балалар шынайы өмірге бейімделді;
- «Терезе алдындағы жасыл бақша», «Ұлттық кабинет» жобалары арқылы қарапайым еңбек дағдылары қалыптасты;
- Оқыту іс-әрекеттерінде ұлттық ертегілер, мақал-мәтелдер қолданылып, салт-дәстүрлермен таныстырылды;
- Ата-аналармен тренингтер, семинарлар өткізілді, бірлескен мерекелік шараларға қатысу деңгейі артты;
- Педагогтар арасында семинарлар, ашық іс әрекеттер, әдістемелік күндер ұйымдастырылды. Кожаметова Лаура, Құлжабаева Рахима, Капланова Куляйхан жоспарға сай өз ашық оқу іс әрекеттерін өтіп, жақсы деп бағаланды.
- Ақпан айында аудан бойынша «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыпта семинар өткіздік.

Қорытынды

2024-2025 оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттемелердің басым бөлігі толық орындалды. Балалардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, еңбекке баулу, шығармашылыққа ынталандыру, ұлттық мәдениетті тану, ата-анамен серіктестікті дамыту бағыттарында оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Ұсыныстар: биылғы 2025-2026 оқу жылына:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнын тереңдету.
2. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жеке даму траекторияларын жетілдіру.
3. Цифрлық білім беру ресурстарын жүйелі пайдалану.
4. Ата-аналарды тәрбиелік іс-шараларға одан әрі тарту.
5. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу алаңдарын көбейту.



1.2 Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті- құқықтық актілердің тізбесі

2025-2026 оқу жылында МДҰ мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
5. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>
6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
8. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
12. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
13. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
14. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>
15. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323>

16. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

17. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

18. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

19. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

20. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

21. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>

22. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>

23. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

24. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

25. «Үздік педагог» атағын беру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472>

26. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>

27. Педагогтік қайта даярлау қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147>

28. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053>

29. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229>

30. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>

31. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137>

32. Өрт қауіпсіздігі қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>



1.3. 2025-2026 жылдарға арналған ЖШС «Ақнұр» бөбекжай бақшасының жұмысының мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, Отанын сүйетін, адалдық пен жауапкершілікке бейім, адамгершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалардың бойында адалдық, әділдік, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын күнделікті тәрбие үдерісіне кіріктіру.
3. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыра отырып, балалармен адамгершілік бағыттағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен ынтымақтастық орната отырып, бала тәрбиесінде ортақ мақсатқа жетуге ықпал ету.
5. Оқу-тәрбие процесінде ұлттық тәрбие, рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие бағытында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану.
6. Әр баланың жеке қабілетін, қызығушылығын ескере отырып, жан-жақты тұлға тәрбиелеу.



II БӨЛІМ

Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогтердің қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары бойынша перспективалық жоспар

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2025–2026 оқу жылына арналған педагогтердің қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарының перспективалық жоспарын құру.	1 қыркүйекке дейін	Меңгеруші
2	Педагогтердің курстарға қатысуына өтінімдер дайындау және білім басқармасына ұсыну.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
3	Курстарға жіберілген педагогтердің оқу нәтижелерін қадағалау, сертификаттарын жинақтау.	Жыл бойы	Әдіскер
4	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің тәжірибесін әріптестерімен бөлісуін ұйымдастыру (коучинг, шеберлік сынып).	Жыл бойы	Әдіскер
5	Қайта даярлау курстарынан өткен педагогтердің кәсіби дамуын талдау, әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
6	Курстан өткен педагогтердің жаңа әдістемелік материалдарын тәжірибеге енгізуін бақылау.	Жыл бойы	Әдіскер
7	Курстарға қатыспаған педагогтерге ішкі семинарлар, кеңестер арқылы ақпарат беру.	Жыл бойы	Әдіскер
8	Жыл соңында педагогтердің курстарға қатысу тиімділігі бойынша мониторинг жасау және қорытынды есеп дайындау.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

2.2. Кәсіби шеберлікті арттыру және қызметті бағалау

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Ескертпе
1	Педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау (сауалнама, әңгімелесу)	Қыркүйек	Әдіскер, меңгеруші	
2	«Жаңа оқу жылының басым бағыттары» әдістемелік семинар	Қыркүйек	Әдістемелік кеңес	
3	Біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарына жіберу жоспарын құру	Қыркүйек-қазан	Әдіскер	Курстар тізімі бойынша
4	Ашық сабақтар мен шеберлік сыныптарын өткізу	Жыл бойы	Педагогтер	Кесте бойынша
5	«Озық тәжірибе – ортақ үлгі» шығармашылық жұмыстар көрмесі	Қараша	Әдіскер, педагогтер	
6	«Жас маман – жаңашыл педагог» әдістемелік байқауы	Желтоқсан	Әдістемелік кеңес	
7	Педагогтердің кәсіби шеберлігін бағалау (мониторинг: сабаққа қатысу, портфолио талдау)	Жыл бойы (тоқсанына 1 рет)	Әдіскер, меңгеруші	
8	ПББ жүйесіне және «USTAZ» платформасына педагогтердің құжаттарын жүктеу	Тоқсанына 1 рет	Әдіскер	Электронды база
9	Сыртқы және ішкі аттестацияға дайындық жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер	
10	«Педагог мәртебесі – ұрпақ болашағы» дөңгелек үстелі	Ақпан	Әдістемелік кеңес	
11	«Үздік тәрбиеші», «Жыл маманы» кәсіби байқауларын ұйымдастыру	Сәуір	Әкімшілік, әдіскер	
12	Жылдық қорытынды: педагогтердің кәсіби дамуы және бағалау нәтижесін талдау	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер	Қорытынды есеп

2.3. Педагогикалық кадрларды аттестаттау

Айы	Іс-шара мазмұны	Мақсаты	Өткізу түрі	Жауапты
Қыркүйек	Аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін анықтау, жеке жоспар құру	Аттестаттау үдерісін жүйелеу	Жиналыс, құжаттама	Әдіскер, меңгеруші
Қазан	«Аттестаттау – кәсіби дамудың кепілі» семинары	Педагогтарды нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру	Әдістемелік семинар	Әдіскер
Қараша	Ашық сабақтар мен оқу іс-әрекеттерін өткізу	Педагогтың кәсіби құзыреттілігін көрсету	Ашық сабақ, талдау	Аттестатталушы, әдіскер
Желтоқсан	Тәлімгерлік көмек, тәжірибе алмасу	Аттестатталушы педагогтарды қолдау	Шеберлік сыныбы	Тәлімгер педагогтар
Қаңтар	Әдістемелік жұмыстарды (портфолио, жетістіктер жинағы) дайындау	Педагогтың кәсіби жетістіктерін жинақтау	Портфолио дайындау	Аттестатталушы
Ақпан	ПББ тестіне және USTAZ платформасына құжаттарды тіркеу	Электронды форматта құжаттарды жүктеу және тексеру	Онлайн жұмыс	Аттестатталушы, әдіскер
Наурыз	Ата-анамен және ұжыммен жүргізілген жұмыстарды талдау	Қоғамдық белсенділігін айқындау	Дөңгелек үстел, талдау	Әдіскер
Сәуір	Аттестатталушының кәсіби шеберлігін бағалау (байқауларға қатысу, баяндамалар қорғау)	Педагог шеберлігін дәлелдеу	Конкурс, конференция	Аттестатталушы, әдіскер
Мамыр	Аттестаттау қорытындысын шығару, үздік педагогтарды марапаттау	Жыл бойғы еңбегін бағалау	Қорытынды педкеңес	Меңгеруші, әдіскер

2.4. Жас және жаңа мамандармен жұмысты ұйымдастыру

Айы	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Өткізу түрі	Жауапты
Қыркүйек	«Жас мамандар мектебіне» қабылдау. Таныстыру семинары	Жас мамандарды ұжымға бейімдеу, жылдық жоспармен таныстыру	Әңгіме, таныстыру	Әдіскер, тәлімгерлер
Қазан	«Мектепке дейінгі ұйым құжаттамасымен жұмыс»	Негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды меңгерту	Практикалық сабақ	Әдіскер
Қараша	Ашық сабақтарға қатысу және талдау	Жас мамандарға тәжірибелі педагогтардың әдістерін көрсету	Сабақтарға қатысу, пікірталас	Тәлімгерлер
Желтоқсан	«Тәрбиеші имиджі мен сөйлеу мәдениеті»	Кәсіби әдеп, сөйлеу мәдениетін жетілдіру	Тренинг, шеберлік сыныбы	Психолог, әдіскер
Қаңтар	«Жаңа технологияларды қолдану»	Инновациялық әдіс-тәсілдермен таныстыру	Презентация, тәжірибе алмасу	Тәрбиешілер
Ақпан	«Ата-анамен жұмыс істеудің тиімді әдістері»	Жас мамандарды ата-аналармен серіктестікке үйрету	Дөңгелек үстел	Тәлімгер
Наурыз	«Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тәрбиешінің басты міндеті»	Қауіпсіз орта қалыптастыруға дағдыландыру	Семинар-практикум	Әдіскер, тәлімгер
Сәуір	«Кәсіби құзыреттілікті арттыру жолдары»	Тәжірибелік біліктерін жетілдіру	Шығармашылық жоба қорғау	Жас мамандар мектебі
Мамыр	«Жас мамандардың жылдық жұмыс қорытындысы»	Жас мамандардың жетістіктерін саралау, үздіктерді марапаттау	Қорытынды кеңес	Әдіскер, меңгеруші

2.5. Педагогтердің шығармашылық жұмыстарының жоспары (2025–2026 оқу жылы)

Мақсаты:

- Педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Танымдық зияткерлікті арттыру әдістерін енгізу;
- «Адал азамат» және «Кәсіби маман» құндылықтарын балаларға тәрбиелеу;
- Жасанды интеллект пен инновациялық технологияларды оқу іс-әрекеттеріне интеграциялау;
- Педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру.

№	Педагог	Шығармашылық іс-шаралар/жұмыс тақырыбы	Мерзімі	Түрі, Ескерту
1	Абдрахманова М	«Баланың танымдық зияткерлігін дамытуға арналған STEM технологиясы»	Айына 1 рет	Ашық іс әрекет
2	Асилова Гулнора Кабыловна	«Арт-терапия мен ертегі терапиясының үйлесімі»	Айына 1 рет	Коучинг, ашық іс әрекет
3	Турғанбекова М	«Кәсіби маманға бағыттау: болашақ мамандықты таныстыру»	Айына 1 рет	Рөлдік ойындар, ашық іс әрекет
4	Касымбекова Лаззат Рустемовна	«Жасанды интеллект: цифрлық ресурстар арқылы оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру»	Айына 1 рет	Шеберлік сыныбы, ашық іс әрекет
5	Сырманова Айнур Абдумуталифовна	«Логикалық ойлау және зияткерлікті дамыту тәжірибесі»	Айына 1 рет	Коучинг, ашық іс әрекет
6	Ермекбаева Жанар	«Балаларға танымдық тапсырмалар мен тәжірибе іс-әрекеттері» «Ағаш табиғат көркі»	Айына 1 рет	Тәжірибе, ашық іс әрекет
7	Ермекбаева Улжаркын Пердазовна	«Мультфильм кейіпкерлері арқылы тәрбие беру»	Айына 1 рет	Шеберлік сыныбы, ашық іс әрекет
8	Урисбаева Манзура	«Балаларға кәсіби бағдар беру ойындары»	Айына 1 рет	Рөлдік ойындар, ашық іс әрекет
9	Карабекова Амина	«Қолөнер арқылы баланың ұсақ моторикасын дамыту»	Айына 1 рет	Шеберлік сыныбы, ашық іс әрекет
10	Мырзалиева Нурила Казбековна	«Қауіпсіздік ережелері – күнделікті тәрбиенің құрамдас бөлігі»	Айына 1 рет	Коучинг, ашық іс әрекет

№	Педагог	Шығармашылық іс-шаралар/жұмыс тақырыбы	Мерзімі	Түрі, Ескерту
11	Турдалина Калима Убайдуллаевна	«Тіл дамыту жаттығуларында зияткерлік элементтерді қолдану»	Айына 1 рет	Тәжірибе, ашық іс әрекет
12	Байжуманова Ташбуби Толегеновна	«Сюжеттік-ролдік ойындар арқылы танымдық зияткерлікті және кәсіби бағдарды дамыту»	Айына 1 рет	Коучинг, ашық әс әрекет
13	Айдарова Алия Дихановна	«Қазақтың ұлттық ойындары – танымдық және тәрбиелік құрал»	Айына 1 рет	Тәжірибе, ашық іс әрекет
14	Меңлібаева Замира	«Қазақтың ұлттық әндері мен күйлері – рухани тәрбие құралы»	Айына 1 рет	Тәжірибе, ашық іс әрекет
15	Колбаева Айнур	«Әуенді қимыл-қозғалыстар арқылы баланың музыкалық қабілетін дамыту»	Айына 1 рет	Тәжірибе, ашық іс әрекет
16	Исабаева Ғалия	«Дене тәрбиесіндегі ұлттық ойындар арқылы баланың физикалық қасиеттерін дамыту»	Айына 1 рет	Тәжірибе, ашық іс әрекет
	Әр педагогикалық кеңесте нәтижесімен бөлісу			

2.6. Мектепке дейінгі ұйымдағы медицина қызметкерінің сауықтыру жұмысының жүйесі мен мазмұны

Мақсаты:

Балалардың денсаулығын нығайту, аурулардың алдын алу, денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру, қауіпсіз орта құру.

Айы	Жұмыс мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	- Балалардың медициналық карталарын толықтыру.- Бастапқы медициналық тексеру (салмақ, бой, даму деңгейі).- ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу бойынша кеңестер.	Медицина қызметкері
Қазан	- Ағзаны шынықтыру шаралары (таза ауада серуен, дене жаттығулары).- «Таза қол – денсаулық кепілі» акциясы.- Иммунопрофилактика жұмыстары.	Медицина қызметкері, тәрбиешілер
Қараша	- Тыныс алу жолдары ауруларының алдын алу.- Витаминді тағамдарды көбейту жөнінде кеңес.- Психологпен бірлескен «Стрестен арылу жаттығулары».	Медицина қызметкері, психолог
Желтоқсан	- Тұмау мен салқын тиюдің алдын алу шаралары.- Санитарлық тазалық пен желдету бақылауы.- «Салауатты тамақтану» тақырыбында ата-аналар жиналысы.	Медицина қызметкері
Қаңтар	- Қыста балалардың қауіпсіздігін қадағалау (сырғанау, мұз).- Жеке бас гигиенасы бойынша әңгімелер.- Медициналық профилактикалық тексеріс.	Медицина қызметкері
Ақпан	- Жүрек-қан тамырлары жүйесі бойынша профилактика.- Қимылды ойындар арқылы шынықтыру.- «Ашық есік күні»: ата-аналарға дәрігер кеңесі.	Медицина қызметкері
Наурыз	- Витамин тапшылығының алдын алу.- Санитарлық тазалық айлығы.- ЖРВИ маусымына дайындық.	Медицина қызметкері
Сәуір	- «Денсаулық күні» мерекелік іс-шарасын өткізу.- Тіс дәрігерімен кездесу ұйымдастыру.- Көктемгі жұқпалы аурулардың алдын алу.	Медицина қызметкері, тәрбиешілер
Мамыр	- Балалардың денсаулық көрсеткіштерін қорытындылау.- Жазғы сауықтыру жұмысына дайындық (күн, ауа, су рәсімдері).- Ата-аналарға жазғы демалыста қауіпсіздік ережелері бойынша кеңес.	Медицина қызметкері
Маусым	- Жазғы сауықтыру лагері бағдарламасы.- «Су – денсаулық көзі» акциясы.- Инсекттен (шыбын-шіркей, маса) қорғау шаралары.	Медицина қызметкері
Шілде	- Балаларды күннен қорғау ережелері.- Дене шынықтыру және шынықтыру шаралары.- Жазғы жұқпалы аурулардың алдын алу.	Медицина қызметкері

Айы	Жұмыс мазмұны	Жауапты
Тамыз	- Жылдық медициналық тексерулер нәтижесін қорытындылау.- Келесі оқу жылына дайындық (дәрі-дәрмек қоры, санитарлық актілер).- «Денсаулық бұрышы» материалдарын жаңарту.	Медицина қызметкері

2.7. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Таңғы гимнастика: - күнделікті жаттығулар (таза ауада орындау абзалырақ) және арнайы жаттығулар кешендері.	Күнделікті	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер
2	Таза ауадағы белсенді ойындар: - аулада қимылды ойындар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру; - саябақтарға, ормандарға, табиғатқа серуендеу және экскурсиялар.	Күні бойы	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер
3	Дене шынықтыру бойынша жаттығулар: -балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дене тәрбиесі ҰІӨ тұрақты өткізу; - күнделікті режимге йога, би және басқа да белсенділік түрлерін қосу.	Тәрбиеші мен дене шынықтыру жөнінде нұсқаушының циклограммалар ына сәйкес	Тәрбиешілер, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы
4	Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру: - барлық жас топтары үшін үйлесімді және әртүрлі мәзірді әзірлеу; -балаларды дұрыс тамақтану негіздеріне оқыту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.	Тұрақты негізде	Меңгеруші, мейірбике, әдіскер, тәрбиешілер
5	Сырқаттардың алдын алу: - тұрақты медициналық тексерулер және мамандардың кеңестері; - вакцинация және иммунитетті нығайту шаралары.	Мейірбикенің жұмыс жоспарына сәйкес	Мейірбике, тәрбиешілер
6	Гигиеналық дағдылар: - балаларға жеке бас гигиенасының ережелерін үйрету; - балабақшада тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.	Күнделікті	Тәрбиешілер
7	Күн тәртібі: - белсенді ойындар мен демалу уақытын ауыстыра отырып, күн тәртібін сақтау.	Күнделікті	Тәрбиешілер
8	Оқыту іс-шаралары: - саламатты өмір салты туралы тақырыптық ҰІӨ мен әңгімелер өткізу; - ата-аналарды іс-шараларға қатысуға тарту.	Циклограммалар ға сәйкес	Тәрбиешілер
9	Спорттық мерекелер мен жарыстар: - барлық топтардағы Денсаулық апталығы.	Қыркүйек, қаңтар мен сәуірдің бірінші аптасы	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы,

			педагогтер
10	Дене шынықтыру мерекелері: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу. «Біз спортшымыз» спорттық эстафета ойындары. «Мықты балақай» спорттық мереке. «Әкем, анам және мен» жарысы. «Шағын олимпиада» спорттық эстафета ойындары. «Жас турист» спорттық жарысы.	Күнделікті іс- шара Барлық топтарда тоқсанына 1 рет	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер, мектепке дейінгі ұйымның әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі

III БӨЛІМ

Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс.

3.1 Педагогикалық кеңестер.

Педагогикалық кеңестің мақсаты – ұйымның білім беру, тәрбиелеу және дамыту үдерістерін жетілдіру, тәрбиешілер мен мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуы үшін тиімді орта қалыптастыру және мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру-тәрбие жұмысын басқару, үйлестіру және оның сапасын арттыру.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңестің тақырыбы: «2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру» (ҚР ОАМ әдістемелік нұсқау хат негізінде) Күн тәртібі: 1. 2024-2025 оқу жылындағы жазғы сауықтыру жұмысының қорытынды есебі 2. 2025-2026 оқу жылындағы білім беру мақсаттары мен міндеттері 3. ҚР Президентінің Тамыз кеңесіндегі сөзінен негізгі бағыттарды талдау 4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша тәрбие мен оқыту жұмыс жоспарын бекіту 5. 2025-2026 оқу жылына арналған топтық жылдық жоспарларды бекіту 6. Педагогтердің аттестаттауы және «USTAZ» платформасы бойынша түсіндірме 7. Марапаттау рәсімі 8. Психологиялық тренинг 9. Музыкалық сергіту сәті 10. Педагогикалық кеңестің шешімі	Әдістемелік нұсқау хаттағы негізгі бағыттармен педагогтерді таныстыру, жаңа оқу жылындағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Ерте кәсіптік бағдарлау – балабақшадан бастау: болашақ кәсіби маман тәрбиелеу жолдары. Адал азамат – біртұтас бағдарлама негізінде құндылыққа тәрбиелеу» Көрме: «Мамандықтар әлемі» Күн тәртібі 1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындалуы 2. Баяндамалар: «Ерте кәсіптік бағдарлау – болашақ маман тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы» (ойын арқылы кәсіби бейімдеу әдістері, ата-анамен бірлесе жұмыс жүргізу жолдары) «Адал азамат – біртұтас бағдарлама құндылықтары: еңбекқорлық, адалдық,	«Ерте кәсіптік бағдарлау – балабақшадан бастау: болашақ кәсіби маман тәрбиелеу жолдары. Адал азамат – біртұтас бағдарлама негізінде құндылыққа тәрбиелеу»	Қараша	Әдіскер

	жауапкершілік – кәсіби бағдар берудің негізі» 3. • Тәжірибеден бөлісу: - Педагогтердің «Мамандықтар әлеміне саяхат», «Еңбек – адалдық бастауы» атты ұйымдастырылған оқу іс -әрекеттерінен бейнематериалдар, фотослайдтар көрсетуі. - Топ тәрбиешілерінің кәсіптік бағдарлауға арналған ойын-жаттығулар үлгілерін ұсынуы. • Пікірталас: «Балабақшадағы кәсіби бағдарлаудың табысты болу шарттары қандай?» «Құндылыққа негізделген кәсіптік бағдарлау: бала бойында адалдық пен еңбекқорлықты қалай қалыптастырамыз?» 4.Педагогикалық кеңестің шешімі			
3	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Баланың жан-жақты дамуына мониторинг жүргізу және нәтижесін талдау» Көрме: «Ел болашағы: жас өнертапқыш пен жаңашыл жобаларда» Күн тәртібі 1.№2 педагогикалық шешімнің орындалуы 2. Баяндамалар: «Мектепке дейінгі ұйымдағы мониторинг жүйесі: мақсат, міндет, бағыттар»<i>Жауапты: Әдіскер</i> «Баланың даму көрсеткіштерін бағалау критерийлері мен индикаторлары»<i>Жауапты: Психолог</i> «Мониторинг нәтижесін педагогикалық үдерісте қолдану жолдары»<i>Жауапты: Тәрбиеші</i> 3. Тәжірибеден бөлісу: - Топ тәрбиешілерінің мониторинг жүргізу бойынша үлгілері (кесте, диаграмма, динамика картасы). - Баланың даму картасынан нақты мысалдар көрсету. 4. Тәжірибеден бөлісу: - Топ тәрбиешілерінің мониторинг жүргізу бойынша үлгілері (кесте, диаграмма, динамика картасы). - Баланың даму картасынан нақты мысалдар көрсету.<i>Жауапты: Топ тәрбиешілері</i> 5.Педагогикалық кеңестің шешімі	Педагогтердің балалардың танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және құндылықтық даму мониторингін жүргізу дағдыларын жетілдіру.	Қаңтар	Әдіскер
4	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіру – құндылыққа бағытталған тәрбиенің негізі» Көрме: «Ұлттық өнер – ұрпаққа аманат» Күн тәртібі 1.№3 педагогикалық шешімнің орындалуы	Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес ортаны жаңарту, балаларға қауіпсіз әрі дамытушы орта қалыптастыру	Наурыз	Меңгеруші, педагогтер

	2. «Дамытушы ортаны ұйымдастырудың заманауи талаптары мен қағидалары» <i>Жауапты: Әдіскер</i> 3. Әр топтағы дамытушы ортаның фотослайд-презентациясы мен шығармашылық бұрышын, ұлттық ойындар бұрышын, табиғатпен таныстыру орталығын жетілдіру үлгілері. 4. Шағын топтарда талқылау: – «Баланың құндылықтарын қалыптастыруға қай орталық көбірек әсер етеді?» – «Қандай орталар жетіспейді және оны қалай толықтыруға болады?» 5.Педагогикалық кеңестің шешімі	жолдарын талқылау.		
5	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жылдық жұмыс қорытындысы: әдістемелік нұсқау хат талаптарының орындалуы және «Адал азамат» бағдарламасының нәтижелері» жазғы сауықтыру жұмыс жоспарларын бекіту Күн тәртібі 1.№4 педагогикалық шешімнің орындалуы 1.«Адал азамат» бағдарламасының аясында жүргізілген тәрбиелік жұмыстар мен нәтижелері 3.2025-2026 оқу жылында жұмыс барысында жеткен жетістіктер, кездескен қиындықтар және оларды шешу жолдары (есептері) 4.Келесі оқу жылына ұсыныстар қабылдау 5. Әр топтың жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.	Жылдық жұмыстарды талдау, педагогтердің тәжірибесін жинақтау, жетістіктер мен мәселелерді саралау, келесі жылға ұсыныстар дайындау.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

3.2 Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің жанындағы мәжіліс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
	1.Бір айға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2.Кадрлармен жасақталғаны туралы. 3. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспарын бекіту. 3.Эвакуация жоспарына нұсқама беру және практикалық пысықтау жүргізу. 4. Бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау.	Қыркүйек (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике
	1.Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру туралы: көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу. 2.Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ата-ананың төлем жүргізуі (уақтылығы, дұрыстығы). 3.Сыйлық алу туралы хабарлама және оны беру, сыйлықтар алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жасау үшін жаза бекіту. 4.Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау. 5.Жиһазды таңбалауды талдау.	Қазан (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы. 2.Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау туралы. 3.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы. 4.Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру туралы.	Қараша (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы. 2.Жаңа жылдық ертеңгіліктер кестесін бекіту. 3. Демалыс кестесін құру. 4.Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.	Желтоқсан (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1. Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы туралы. 2. Топтарда құжаттаманы жүргізуді талдау. 3. Балалардың 2024 жылдағы денсаулық жағдайын талдау. 4. Мектепке дейінгі ұйым жұмысының 2024 - 2025 оқу жылының I жартыжылындағы қорытындылары туралы.	Қаңтар (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші

	1.Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі. 2.Бір айдағы сырқаттанушылықты талдау; табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау; ЖРВИ, тұмау және инфекцияның алдын алу. 3.Салтанатты жиналысқа дайындық туралы (наурыз айында өтетін).	Ақпан (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы. 2.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын жоспарлауды талдау. 3.Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру. 4.Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.	Наурыз (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике
	1.Табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау. 2.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы. 3.Қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету туралы. 4.Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.	Сәуір (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы
	1.Жөндеу жұмыстарының жоспарын бекіту. 2.Жазғы кезеңде кадрларды орналастыру және топтарды жасақтау. 3.МДҰ-ғы қауіпсіздік ережелерін сақтау. 4.Жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыру.	Мамыр (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау. 2.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы. 3.Қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету туралы. 4.Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.	Сәуір (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы

